



«Үлгер жеті»  
Руководитель КТЖН  
ЦЗРДО «Павлодар дарыны»  
*А.Мухаметжанова*  
А.Мухаметжанова  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2021г.

**«Мың бала» республикалық мәдени - ағартушылық жобасы аясында өзге ұлт өкілдері 9 - 10 сынып оқушылары арасында мемлекеттік тілді меңгерушілердің қалалық конкурсы  
Е Р Е Ж Е С І**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Республикалық мәдени-ағарту жобасы аясында өзге ұлт өкілдері 9 - 10 сынып оқушылары арасында "Мың бала" қалалық байқауы өткізіледі.
- 1.2. Конкурстың негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді оқыту арқылы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту.
- 1.3. Байқауды ұйымдастырушылар: БУҚБДДО КМҚК «Павлодар дарыны» Павлодар облысы білім беру басқармасының Павлодар қаласы білім беру бөлімі.

**2. «Өнер алды—қызыл тіл» конкурсының қатысушыларына қойылатын талаптар**

- 2.1. Байқауға мектеп кезеңінің жеңімпаздары 9-10 сынып оқушылары қатысады (квота - мектептен 2 адам: 9 сыныптың 1 оқушысы, 10 сыныптың 1 оқушысы).
- 2.2. Байқаудың қалалық турының жеңімпазы облыстық турға қатысады.

**3. Байқау өткізу мерзімі**

- I-кезең (мектеп) – 04-08.10.2021 ж.
  - II кезең (қалалық) - 14.10.21 ж.
  - III кезең (облыстық) - 21.10.21 ж. (I және II орын алған оқушылар қатысады).
  - IV кезең – қорытынды, республикалық.
- Байқау қашықтықтан немесе дәстүрлі форматта (қаладағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты) өткізіледі.

**4. «Өнер алды—қызыл тіл» конкурс бағдарламасы**

- 4.1. Қатысушы өзін таныстырады (2 минут).
- 4.2. Шешендік өнер (өлең, шығармадан үзінді-3-4 минут).

4.3. Викторина (сұрақ - жауап, 3 минут).  
(қатысушылар ұлттық костюмдерде өнер көрсетеді, өздері туралы әңгімелейді, 2021 жылдың мерейтойлық күндеріне арналған көркем шығармаларды жатқа оқиды).

## **5. Қорытындысын шығару және марапаттау**

5.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер БУҚБДДО КМҚК «Павлодар дарыны» Павлодар облысы білім беру басқармасының Павлодар қаласы білім беру бөлімінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

5.2. Конкурса қатысушылардың барлығына сертификат беріледі.

5.3. Конкурс қорытындысы «Павлодар дарыны» КМҚК сайтында орналастырылады.